

KazNМУ CUP II турнирінің іріктеу кезеңдерінің ресми қарарлары (орналасу реті бойынша емес):

- БП медициналық ЖОО тек арнаулы грант бөлімімен шектелуі керек деп есептейді.
- БП ҚР-да медициналық туризмнің сапасын арттырудың механизмін ұсынады.
- БП “Қара базарды” (черный рынок) заңдастырады.
- БП соңғы 10 жылдықтағы үздік әлемдік медициналық ашылуды көрсетеді.

KazNМУ CUP II турнирінің плей-офф кезеңдерінің ресми қарарлары (орналасу реті бойынша емес):

- 1* БП 1864 жылы қабылданған Женева конвенциясындағы әскери дәрігердің міндетіне өзгерту енгізу керек деп есептейді
- (КУК емес, сол жылы қабылданған конвенция қазір қандай жағдайда,)
- 2* Өлім жазасын медициналық жаңа препараттарды қылмыскерлерге сынауға ауыстырады
- (Өлім жазасы бар қоғам ретінде жүруі тиіс ойын алаңы, өлім жазасы жоқ бізде деген нәрселер қабылданбайды)
- 3* ҚР дәрігерлердің кәсіби сапасының төмендеуінің басты себебін көрсетеді
- (Бір себеп алып, неге оның басты екенін аргументтер арқылы дәлелдеу керек)

Формат бойынша қысқаша анықтамалық:

Қабылданатын қарсылықтар:

- 1) Жеке басқа қол сұғушылық
- 2) Уақыт лимиті
- 3) Сараптамада нақты ойды өзгертетін жаңа идея, жаңа аргументтер
- 4) Тривиизм

∅ Сұрақ қабылдау-қабылдамау спикердің өз еркінде

∅ Сұрақ қою интервалы 30 сек

∅ Сұрақ қойғанда уақыт тоқтатылады

∅ Әріптестерінің оппоненттерінен өзге, бір-біріне сұрақ қоюына рұқсат етілмейді.

∅ Тавтология қарсылық ретінде қабылданбайды, ойын барысында дәлелденсе ребатл ретінде қабылданады

- ∅ «Завал» деген қарсылық жоқ, алайда завалмен ойнауға болмайды!
- ∅ «Арнайы білім» деген қарсылық жоқ
- ∅ Қарар айтпаса, қарсылық ретінде қабылданбайды.
- ∅ Қысқарту алынса негіздеу міндетті
- ∅ Құндылықты форматта да және саяси форматта да кейс ұсыну міндетті
- ∅ Проблема міндетті түрде қалыптасқан жағдайдан шығу қажет
- ∅ Нәтиже қалыптасқан жағдайды өзгерту қажет
- ∅ Проблема өзектілігі міндетті
- ∅ Аргументтерді бір-бірімен біріктіріп, яғни, екі аргументтің мағынасының бірдей екенін айтып қана қою оны құлатқан болып саналмайды, міндетті түрде қарсылық келтіріп, дәлелдеп құлату керек.
- ∅ Егер артық уақыты қалып жатса спикерлік балы азаяды. Бірақ, шешім шығарғанда қатты әсер етпейді, ең бастысы - идеяны жеткізе алу.
- ∅ Сараптама барысында негізгі бөлімде айтылған идеяны қолдайтын жаңа мысал/факттер жаңа аргумент ретінде қабылданбайды
- ∅ Спикерлік этиканы сақтау (пысылдау, ырылдау, мялау және т.б.)

Төрешінің құқықтары:

- Төреші жазалаушы емес - БАҒАЛАУШЫ!
- Ойын шешімін ешкімнің ықпалынсыз шығаруға.
- Төрешіге қысым көрсеткен топ ойыннан шеттетіледі.
- Фракциялар белгіленген уақыттан 10минут уақытқа кешіксе, авто жеңіліс беруге.
- Қарарларға байланысты түсіндірме енгізуге
- Позиция анықтап беруге.

Спикерлерге қойылатын талаптар:

- МӘДЕНИЕТТІЛІК және ЖАУАПТЫЛЫҚ
- ШЫНАЙЫ және ӘДІЛ ОЙЫН
- СЫЙЛАСТЫҚ және ДОСТЫҚ

- Төреші шешіміне уәжіңіз болса БТ арқылы ғана шағымданыңыз.
- БТ қатысуынсыз төрешіге келтірілген шағым төрешіге келтірілген қысым ретінде есептеледі
- Турнирге кешікпеу